

Осы аударма ресми аударма
болып табылмайды

"АСТАНА" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БІРІНШІ
ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫНДА

26 сәуір 2024 жыл

№: AIFC-C/SCC/2024/0004 іс

(1) Омарова Айсұлу ханым

(2) Омаров Алтай мырза

Талапкерлер

қарсы

(1) «NEF QAZAQSTAN» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІ

(2) «TIMUR GAYRIMENKUL GELIŞTİRME YAPI VE YATIRIM
A.Ş.» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Жауапкерлер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Джозефин Хиггз КС

ШЕШІМ

Осы шешімнің құрылымы мынандай:

- 1-бөлім. Кіріспе
- 2-бөлім. Талапкерлердің талаптары
- 3-бөлім. Негізгі қарызды өндіріп алу туралы талап
- 4-бөлім. Айыппұлды өндіріп алу туралы талап
- 5-бөлім. (2) Жауапкерге қойылатын талаптар
- 6-бөлім. Шығыстар
- 7-бөлім. Қорытынды

1 БӨЛІМ. КІРІСПЕ

- 1.1 Талапкерлер, Омарова Айсұлу Исатайқызы ханым және Омаров Алтай Салауатұлы мырза, "NEF Qazaqstan" ЖШС-ына ((1) "**Жауапкер**" немесе "**Эмитент**") және "Timur gayrimenkul Gelişme YAPI ve Yarım A. Ş." АҚ-қа ((2) "**Жауапкер**" немесе "**Кепілгер**") (бірілесіп "**Жауапкерлер**" деп аталады) АХҚО сотына Сот 2024 жылғы 17 қаңтарда тіркеген талап арыз беру арқылы қарсы талап қою берді.
- 1.2 Талапкерлер өздерінің Талап арызында, қысқаша айтқанда, (1) Жауапкер шығарған және (2) Жауапкер кепілдік берген өтелген KZX00000118 облигацияларын ("**Облигациялар**"), пайыздарды, айыппұлдар мен шығыстарды қайтаруды талап етеді.

Процестің тарихы

- 1.3 2024 жылғы 17 қаңтарда Аппарат Жауапкерлерге Талап арызды электрондық пошта арқылы табыс етті және талап қою АХҚО соты қағидаларының 28-бөлігіне сәйкес АХҚО Ұсақ даулар сотында қаралатыны туралы тараптарға хабарлады.
- 1.4 АХҚО сотының 28.12 қағидасына сәйкес Жауапкерлер 2024 жылғы 31 қаңтар, сәрсенбі күні оларға Талап арыз табысталғаннан кейін 14 күн ішінде талапты мойындауы, қарсылық білдіруі немесе АХҚО ұсақ шағымдар сотының юрисдикциясын даулау туралы арыз беруі тиіс болатын. Жауапкерлерге бұл мерзім туралы Аппарат 2024 жылдың 17 қаңтарында электрондық пошта арқылы хабарлады және 2024 жылғы 29 қаңтарда электрондық пошта арқылы Аппараттан ескерту алды. Жауапкерлер 2024 жылдың 31 қаңтарына дейін бұл қадамдардың ешқайсысын жасаған жоқ.
- 1.5 2024 жылдың 9 ақпанында Талапкерлер Өзгертілген талап арыз беру туралы арыз берді. Арыз АХҚО сотының 11.38(2) және 11.48 қағидаларына сәйкес берілді (бұл Қағидалар АХҚО Ұсақ даулар сотына қатаң түрде жатпайтынына қарамастан). Талапкерлер берді. Ұсынылып отырған өзгерістер (1) Жауапкер Талапкерлердің пайдасына жасаған төлемдер тұрғысынан талап қою сомасын талап арыз берілген сәттен бастап азайтуда болып табылады.

- 1.6 2024 жылғы 6 наурыздағы бұйрықпен ("Бұйрық") мен Талапкерлердің Талап арызға өзгерістер енгізу туралы арызын қанағаттандырдым. Одан әрі қарай мен: Талапкерлер Бұйрық пен Өзгертілген талап арызды Жауапкерлерге табыстауын және АХҚО соты қағидаларының 5.26 қағидасына сәйкес Бұйрық шыққан күннен бастап 14 күннің ішінде Табыстау туралы сертификатты ұсынуын; және Жауапкерлер Бұйрық пен Өзгертілген талап арызды алғаннан кейін 14 күннің ішінде АХҚО соты қағидаларының 28.12 қағидасында көрсетілген қадамдарды қабылдауын өкім еттім.
- 1.7 Бұйрықтың 4-тармағында егер Талапкерлер да, Жауапкерлер де тыңдау өткізілуін талап етпесе, АХҚО соты қағидаларының 28.39 қағидасына сәйкес талап арыз тыңдау өткізілмей, бұйрықтық іс жүргізу шеңберінде қаралатыны көзделген.
- 1.8 2024 жылдың 20 наурызында Талапкерлер Бұйрықтың 2-тармағына сәйкес Табыстау туралы сертификатты тиісті түрде берді.
- 1.9 2024 жылдың 1 сәуірінде (1) Жауапкер шағым бойынша Қарсылық берді. (1) Жауапкер өзінің талап қою бойынша Қарсылығында облигациялардың негізгі шотына кезекті төлемді (1) Жауапкер 2024 жылғы 29 наурызда аударғанын және *«(1) Талап қоюшымен .. 20 000 000 теңге сомасына және (2) Талапкер Омаров мырзамен 10 000 000 теңге сомасына жасалған облигацияларды сатып алу-сату туралы шарттарда көрсетілген ақшалай міндеттемелерді орындау міндетін мойындайтынын»* мәлімдейді. Талап қою бойынша Қарсылықта бұдан әрі мынандай мәлімдеме бар: *«Бұл қаржылық міндеттемені 1-Жауапкер толық мойындады және ол ешқандай мән-жайларда дауланбайды немесе жойылмайды»*.
- 1.10 (2) Жауапкерден де, оның атынан да талап бойынша Қарсылық берілген жоқ.
- 1.11 Аппаратқа жолданған 2024 жылғы 11 сәуірдегі электрондық хатта Аппараттың 2024 жылғы 11 сәуірдегі ақпарат беру туралы сұрауына жауап ретінде:
- 1.11.1 Талапкерлер олардың 2024 жылғы 29 наурызда (1) Талапкерге 11 196 380,69 теңге және (2) Жауапкерге 5 598 190,34 теңге мөлшерінде төлем жасау фактісін мойындағанын растады, бұл, олардың айтуынша, облигациялардың негізгі қарызының 56%-ын құрады.
- 1.11.2 Талапкерлер Жауапкерге төлеулері тиіс болған негізгі қарыз сомасы (1) Талапкер үшін 8 803 619,31 теңге және (2) Талапкер үшін 4 401 809,66 теңгені құрады деп мәлімдеді.
- 1.11.3 Талапкерлер 2024 жылғы 11 сәуірдегі жағдай бойынша (1) Талапкерлерге 1 409 560,01 теңге, ал (2) Талапкерлерге 704 779,99 теңге көлемінде айыппұл есептелгенін мәлімдеді.

АХҚО Ұсақ даулар сотының юрисдикциясы

1.12 Талап арызда Эмитент дайындаған және Талап арызға 4-қосымшада ұсынылған Облигациялар эмиссиясы проспектісінің ("Проспект") негізінде АХҚО соты Талапкерлердің Жауапкерлерге қойылған талаптарына қатысты юрисдикцияға ие екендігі көрсетілген.

1.13 Проспектінің 2.1-тармағында 28-бетте былай деп көрсетілген:

«Облигациялар және Облигациялардан немесе олармен байланысты туындайтын кез келген шарттан тыс міндеттемелер АХҚО құқығына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі. Осы құжатта Эмитент Облигациялардан немесе онымен байланысты туындайтын кез-келген сипаттағы кез-келген талап қоюды, дауды немесе сәйкессіздікті (Облигациялардың немесе Облигациялардан туындайтын немесе онымен байланысты кез-келген шарттан тыс міндеттемелердің болуына, тоқтатылуына қатысты наразылықтарды, дауларды немесе сәйкессіздіктерді қоса алғанда) АХҚО соты оның қолданыстағы қағидаларына сәйкес ұсынуы және түпкілікті шешуі тиістігі, мұндай қағидалар осы құжатқа кіріктірілген болып саналатыны туралы Облигация ұстаушыларының пайдасындағы шарттарды келісті».

1.14 Проспектінің 40-55 беттерінде 2022 жылғы 28 қазанда Кепіл беруші мен Эмитент арасында облигация ұстаушылар пайдасына жасалған "Кепілдік туралы шартқа 3-қосымша" бар ("Кепілдік").

1.15 Кепілдікте 54-беттегі 19 "Юрисдикция" бабында келесі юрисдикциялық ескертпе бар:

«Астана Халықаралық қаржы орталығындағы соттар, төменде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы кепілдіктен немесе оның нысанасынан немесе қалыптасуынан туындайтын немесе олармен байланысты кез-келген дауларға немесе талаптарға қатысты айрықша юрисдикцияға ие болатынымен әрбір тарап сөзсіз келіседі. Осы тармақтағы ештеңе Облигация ұстаушысының құзыретті юрисдикцияның кез-келген басқа сотында Кепілгерге қарсы іс қозғау құқығын шектемейді, сондай-ақ, кез-келген бір немесе бірнеше юрисдикцияларда осындай басқа юрисдикцияның заңнамасында рұқсат етілген дәрежеде, бір уақытта немесе олай емес, іс қозғауға кедергі болмайды».

1.16 Талапкерлер осы ережелердің нәтижесінде АХҚО соты Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаудан туындайтын олардың (1) Жауапкерге және (2) Жауапкерге талаптарына қатысты юрисдикцияға ие деп айтады. АХҚО сотының юрисдикциясы талап арыз бойынша Қарсылықта дауланбаған және Жауапкерлердің ешқайсысы да юрисдикцияны даулайтын арыз берген жоқ.

1.17 Сот АХҚО Ұсақ даулар сотының жоғарыда айтылған себептер бойынша талапкерлердің талаптарына қатысты юрисдикцияға ие екендігіне қанағаттанады.

1.18 Тараптардың ешқайсысы тыңдау өткізуді талап еткен жоқ. Демек, АХҚО сотының қағидаларының 28.39 қағидасына және Бұйрықтың 4-тармағына сәйкес мен осы Талап арызды құжаттар негізінде қарап, келесіні қаулы еттім.

2-БӨЛІМ. ТАЛАП ҚОЮШЫЛАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ

- 2.1 Талапкерлер өздерінің Түзетілген талап арызында келесі фактілерді көрсетеді. (1) Жауапкер өзінің талап қою бойынша Қарсылығында бұл фактілердің ешқайсысын да дауламайды.
- 2.2 (1) Талапкер 20 000 000 теңге инвестициялады және 20 000 Облигация сатып алды;
(2) Талапкер 10 000 000 теңге инвестициялады және 10 000 Облигация сатып алды.
Бұл инвестициялар Талап арызға 5-қосымшада ұсынылған Бағалы қағаздардың қозғалысы туралы есепте көрсетілген.
- 2.3 Облигацияларды өтеу мерзімі - 2023 жылғы 23 қараша, пайыздық мөлшерлеме жылдық 20% құрайды және жарты жылда бір рет төленеді.
- 2.4 2 000 000 теңге мөлшеріндегі ((1) Талапкер үшін) және 1 000 000 теңге мөлшеріндегі ((2) Талапкер үшін) алғашқы пайыздық төлемдер тиісінше 2023 жылғы 24 мамырдан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде төленуі тиіс болатын және 2023 жылғы 30 мамырда төленуі тиіс.
- 2.5 Екінші пайыздық төлемдер мен негізгі борыш 2023 жылдың 1 желтоқсанына дейін төленуі керек болатын.
- 2.6 Ол кезде Эмитент екінші пайыздық төлемдер мен негізгі борышты төлеген жоқ. Кейіннен ол екінші пайыздық төлемді 2024 жылдың 30 қаңтарында төледі және (төменде түсіндірілгендей) кейінірек негізгі борыштың бір бөлігін өтеді.
- 2.7 2023 жылғы 30 қараша Эмитент облигация ұстаушыларға өзінің қаржылық қиындықтарға тап болғаны, бірақ облигация ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындау үшін шаралар қолданып жатқаны туралы хабарлама жіберді. Хабарламада былай делінген: «Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Сізден Компания облигацияларды ұстаушылар алдындағы барлық міндеттемелерін 15 (он бес) жұмыс күнінің ішінде, бірақ 2023 жылғы 21 желтоқсаннан (қоса алғанда) кешіктірмей орындайтынын назарға алуды сұраймыз». Хабарламаның 6-тармағында сонымен қатар Проспектінің 4.3-тармағына сәйкес Эмитент облигация иелеріне айыппұл төлеуге міндетті екендігі көрсетілген.
- 2.8 Алайда, Эмитент 2023 жылдың 21 желтоқсанына дейін негізгі борышты өтеген жоқ және бастапқы Талап арыз берілген күнге де мұны жасаған жоқ.
- 2.9 2024 жылдың 8 қаңтарында Талапкерлер Міндеттемелердің орындалмағаны және кепілдік жағдайының басталуы туралы хабарлама жіберді. Ол талап арызға 6-қосымшада көрсетілген.
- 2.10 Талапкерлер олар негізгі борыш пен айыппұлдар төленуіне құқылы екендіктерін және Кепілгер мен Эмитент бұл төлем үшін ортақ жауапкершілікте екенін айтады. Төменде түсіндірілгендей, Эмитенттің негізгі борышты өтеу бойынша

жауапкершілігі дауланбайды, бірақ Талапкерлердің айыппұлдарды өндіріп алу туралы талабы даулы болып табылады.

- 2.11 Талапкерлер бұл дау АХҚО құқығымен реттеледі дейді, өйткені Проспектіде де, Кепілдікте де қолданылатын құқық АХҚО құқығы болып табылатынын көзделген. (1) Жауапкер өзінің талап қою бойынша Қарсылығының 5-тармағында Облигацияларға қолданылатын құқық АХҚО құқығы болып табылатынын мойындайды.

3-БӨЛІМ. НЕГІЗГІ ҚАРЫЗДЫ ӨНДІРІП АЛУ ТУРАЛЫ ТАЛАП

- 3.1 (1) Жауапкер Талапкерлер алдындағы негізгі борышты өтеуге міндеттенгеніне еш күмән жоқ. Жоғарыдағы 1.9-тармақта көрсетілгендей, өзінің талап қою бойынша Қарсылығында (1) Жауапкер салынған негізгі сомаларды төлеу жөніндегі өзінің міндетін мойындайды және бұл міндеттеме дауланбайтынын мәлімдейді.
- 3.2 2024 жылдың 29 наурызында жасалған төлемдерге келетін болсақ, (1) Жауапкер өзінің талап қою бойынша Қарсылығында төленген сомаларды нақтыламайды, бірақ ол облигациялардың негізгі сомасының 52,94%-ын өтегенін мәлімдейді.
- 3.3 Өздерінің 2024 жылғы 11 сәуірдегі электрондық хатында Талапкерлер (1) Жауапкер 2024 жылдың 29 наурызында төлеген нақты сандарды көрсетті және облигациялардың негізгі сомасының 56 %-ы төленгенін мәлімдеді. (1) Жауапкер бұл хатқа жауап бермеген және мен Талапкерлердің 2024 жылғы 11 сәуірдегі электрондық хатында көрсетілген сандар күмән тудырмайтынына және дұрыс болып табылатынына сүйенемін.
- 3.4 Тиісінше, Талап арызда айтылғандардың және оған қоса берілген құжаттардың, (1) Жауапкердің талап қою бойынша Қарсылығындағы мәлімдемесінің негізінде, сондай-ақ Талапкерлер 2024 жылғы 11 сәуірде электрондық пошта арқылы берген қосымша ақпараттың негізінде мен (1) Жауапкер (1) Талапкерге 8 803 619,31 теңге мөлшеріндегі, ал (2) Талапкер 4 401 809,66 теңге мөлшеріндегі соманы қарыз деп есептеймін.

4-БӨЛІМ. АЙЫППҰЛДЫ ӨНДІРІП АЛУ ТУРАЛЫ ТАЛАП

- 4.1 Талапкерлер олардың сонымен қатар айыппұлдарды төлеу құқығы бар екенін айтады.
- 4.2 Талапкерлер АХҚО-ның 2017 жылғы № 3 "Келісімшарттар туралы" регламенті ("Келісімшарттар туралы регламент") шарттың еркіндігін де (Келісімшарттар туралы регламенттің 8.1 қағидасы), сонымен қатар оның міндетті сипатын да (Келісімшарттар туралы регламенттің 10-қағидасы) белгілегенін атап өтті. Олар шарттар ретінде Проспект пен Кепілдік тараптардың құқықтары мен міндеттерін сипаттайды дейді.
- 4.3 Айыппұлдарды өндіріп алу туралы өзінің талабын негіздеу үшін Талапкерлер Проспектінің 32-бетіндегі 4.3-тармаққа сілтеме жасайды, онда, олардың пікірінше,

(1) Жауапкер талап етілетін айыппұлды төлеуге міндетті екені көзделген. Онда былай делінген:

«Эмитент Облигация ұстаушыларға 3.2-тармақта көрсетілген "Пайыздарды төлеу аяқталатын күннен" кейінгі әрбір күн үшін айыппұл төлейді, онда Облигациялар бойынша төленуге жататын кез-келген сома Купондық мөлшерлемеге тең мөлшерлеме бойынша төленуге тиіс және төленбеген ("Төленбеген сома") болып қалады. Кез-келген Облигацияға қатысты кез-келген Төленбеген сомаға төлеуге жататын айыппұлдың мөлшері Купондық мөлшерлеме, Төленбеген сома және кез-келген осындай Төленбеген сома төленуге жататын және төленбеген болып қалатын күнтізбелік күндер санының көбейтіндісін Облигациялар айналыста болған 12 ай кезеңі ішіндегі нақты күндердің санына бөлгенге тең, алынған сан ең жақын центке дейін дөңселектеледі, оның үстіне кез-келген мұндай центтің жартысы үлкен жаққа қарай дөңселектенеді».

- 4.4 Талапкерлер өздерінің Өзгертілген талап арызының 22-тармағында айыппұлды есептеу әдістемесін, сондай-ақ Өзгертілген талап арыз берілген күнге айыппұл түрінде төленуге жататын сомаларды 23-тармақта баяндады. Өзінің 2024 жылғы 11 сәуірдегі электронды хабарламасында Талапкерлер 2024 жылдың 11 сәуіріне есептелген айыппұлдар келесідей екенін көрсетеді:

4.4.1 (1) Талапкер үшін 409 560,01 теңге; және

4.4.2 (2) Талапкер үшін 704 779,99 теңге.

(1) Жауапкердің айыппұлды өндіріп алу туралы талап қою бойынша Қарсылықтары

- 4.5 Өзінің қарсылығында (1) Жауапкер айыппұлды есептеу әдісін дауламайтынын, бірақ АХҚО құқығына сәйкес құқықтық қорғау құралы ретінде айыппұлдардың бар екендігін даулайтынын мәлімдейді.
- 4.6 (1) Жауапкер өзінің талап қою бойынша қарсылығының 7-тармағында Проспект Эмитент пен Облигация ұстаушы арасындағы негізгі шарт болып табылатынын айтады. (1) Жауапкер Проспектіге Келісімшарттар туралы регламенттің талаптары қолданылады дейді.
- 4.7 Осылайша, Проспектінің келісімшарттық мәртебесі және Келісімшарт туралы регламентті қолдануға болатындығы (1) Жауапкер мен Талапкерлер үшін жалпы негіз болып табылады.
- 4.8 (1) Жауапкер сондай-ақ өзінің талап қою бойынша Қарсылығының 8- және 9-тармақтарында Келісімшарттар туралы регламентте және "Залалды өтеу және құқықтық қорғау құралдары туралы" регламентте (№ 17, 2019 жыл) "айыппұлдарға" ешқандай сілтемелер жоқ екенін айтады. Осылайша, (1) Жауапкер АХҚО құқығына құқықтық қорғау құралы ретінде айыппұлдар кірмейді деп санайды. (Мен бұл мәселені төмендегі 4.16-тармақта қарастырамын).

- 4.9 Талап қою бойынша Қарсылықтың 10-11 тармақтарын менің түсінуімше, (1) Жауапкер ағылшын құқығы бойынша айыппұлдарды мәжбүрлеп өндіріп алу мүмкінсіздігі қағидатын қолдануға болады және осы негізде айыппұл мәжбүрлі түрде өндіріліп алынбауы тиіс деп отырған жоқ.
- 4.10 Керісінше, (1) Жауапкер өзінің талап қою бойынша Қарсылығының 12-тармағында Конституциялық заңның 4-бабының 1(3) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының айыппұлдар туралы заңнамасының ережелерін осы Сот қолдана алады дейді. (1) Жауапкер Соттан Қазақстан Республикасының заңнамасына, атап айтқанда Азаматтық Кодекстің 297-бабына сәйкес айыппұл сомасын төмендетуді сұрайды.
- 4.11 (1) Жауапкер өзінің талап қою бойынша Қарсылығының 17-тармағында «Фридом Финанс» АҚ Егор Романюкке қарсы ісіне (АХҚО бірінші инстанциядағы сотының 2023 жылғы 1 ақпандағы шешімі) сілтеме жасайды, онда АХҚО соты Азаматтық Кодекстің 297-бабының негізінде айыппұл мөлшерін азайтқан.
- 4.12 (1) Жауапкер осы істе Талап қоюшы өндіріп алмақ айыппұл мөлшерлес емес және шамадан тыс болып табылады дейді. Оның талап қою бойынша Қарсылығының 21-және 22-тармақтарын менің түсінуімше, бұлай айтуға айыппұл мөлшерлемесінің купондық мөлшерлемеге барабарлығы негіз болып табылады.

Талап қоюшылардың жауабы

- 4.13 Талапкерлер Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 297-бабының негізінде айыппұл мөлшерлемесін төмендетуге қарсы екендіктерін білдіреді, олардың пікірінше, ол қолдануға келмейді. Олар айыппұл шамадан тыс емес, өйткені ол Проспектіде арнайы көзделген ақшалай міндеттемені Эмитенттің уақтылы орындамағаны үшін жауапкершілік түрі болып табылады дейді. Талапкерлер сондай-ақ АХҚО "Залалды өтеу және құқықтық қорғау құралдары туралы" регламентінің 17 (2) тармағына сәйкес, 20 % мөлшеріндегі айыппұл соманы төлемегені үшін пайыздық мөлшерлеменен толығымен салыстырымды дейді. Олар 20 %-дық мөлшерлеме төлем орнындағы (Қазақстан Республикасы) төлем валютасы (теңге) бойынша қысқа мерзімді кредиттеудің орташа банктік мөлшерлемесі болып табылады деп, Ұлттық Банктің деректері бойынша бұл мөлшерлемелер 18-33% аралығында екенін атап өтеді.

Қорытынды

- 4.14 (1) Жауапкердің талап қою бойынша Қарсылығын және Талапкерлердің олардың 2024 жылғы 11 сәуірдегі электрондық хатындағы жауабын, сондай-ақ "Фридом Финанс" АҚ Егор Романюкке қарсы істі (атап айтқанда, 5.2-5.27 және 6.13-тармақтарды) қарап, мен Азаматтық кодекстің 297-бабының негізінде айыппұлды азайту мақсатқа сәйкес емес деп санаймын.
- 4.15 Мен Талапкерлердің олардың 2024 жылғы 11 сәуірдегі электрондық хатында айыппұл шамадан тыс емес екендігі туралы айтқандарын қабылдаймын. Проспектінің 4.3-тармағында ол "айыппұл" ретінде сипатталғанымен, 4.3

тармақтың қолданылуы Эмитент облигация ұстаушыларына пайыздарды өтеу күні төленбеген болып қалған кез-келген сомаға облигацияларды купондық жалпы алғанда АХҚО "Залалды өтеу және құқықтық қорғау құралдары туралы" Регламентінің 17 (2) тармағына сәйкес қолданылатын пайыздық мөлшерлеменен салыстырымды екендігінде болып табылады. Талапкерлер талап қоюды АХҚО сотына беру кезінде немесе осы талап қоюды қарау барысында, төленуге жататын айыппұлдардың негізсіз есептелуіне әкелуі және осы негізде мөлшерлеменің төмендеуін ақтауы мүмкін болған кідірістерге жол берген жоқ. Мен сонымен қатар (1) Жауапкер облигацияларды ұстаушыларға 2023 жылғы 30 қарашада жіберген Хабарламада (жоғарыда 2.7-тармақта аталып өткен) (1) Жауапкердің Проспектінің 4.3-тармағына сәйкес айыппұл төлеу міндеті тікелей еске салынғанын атап өтемін, бұл (1) Жауапкердің бұл міндеттемені мойындағанын және қабылдағанын білдіреді. Осы себептердің барлығына байланысты мен Азаматтық кодекстің 297-бабына сәйкес айыппұлды азайту мақсатқа сәйкес деп санамаймын.

4.16 Мен сонымен қатар АХҚО "Залалды өтеу және құқықтық қорғау құралдары туралы" регламентінің "Орындалмаған жағдайдағы келісілген төлем" 21-тармағында егер шартта орындамаушы тарап зардап шеккен тарапқа орындамағаны үшін белгілі бір сома төлеуі керек деп көзделсе, зардап шеккен тараптың бұл сомаға тараптың нақты шығындарына байланыссыз құқығы бар екендігі, бірақ егер оның орындамау нәтижесінде болуы мүмкін деп қарастырылған залалдармен және басқа да мән-жайлармен салыстырымды еместігі айқын болса, көрсетілген сома 21(2) тармаққа сәйкес ақылға қонымды мөлшерге дейін азайтыла алатыны көзделгенін атап өтемін. (1) Жауапкер 21(2) параграфқа сілтеме жасамағанымен, мәлімделген соманың салыстырымды еместігі айқын екендігіне және осы ереженің негізінде айыппұлды азайту мақсатқа сай еместігіне менің көзім жетеді.

4.17 Тиісінше, мен Проспектінің 4.3-тармағына сәйкес (1) Жауапкер 2024 жылдың 11 сәуіріндегі жағдай бойынша келесі сомаларды төлеуі тиіс деп санаймын:

4.17.1. (1) Талапкерге 1 409 560.01 теңге; және

4.17.2. (2) Талапкерге 704 779,99 теңге.

4.18 Менің есептеулерім бойынша, 2024 жылғы 11 сәуірден бастап осы шешім шығарылған күнге дейін есептелген қосымша сомалар мыналар болып табылады:

4.18.1. (1) Талапкерге 72 358,51 теңге; және

4.18.2. . (2) Талапкерге 36 179,26 теңге.

4.19 Сонымен, осы шешім шығарылған күнге (1) Жауапкердің негізгі борыш пен айыппұлды өтеу есебіне төлеуіне жататын жалпы сомалар мынадай түрде болып табылады:

4.19.1 (1) Талапкерге 10 285 537,83 теңге; және

4.19.2 (2) Талапкерге 5 142 768,91 теңге.

5-БӨЛІМ. (2) ЖАУАПКЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 5.1 Талапкерлер Эмитенттің жауапкершілігін белгілеп, Талапкерлер міндеттемелердің орындалуын Кепілгерден бірлесіп талап ете алады дейді. Олар "Орындау және кепілдік беру" 5.1-бабына сілтеме жасайды және кепілдік бойынша триггер оқиғалары келіп жетті деп мәлімдейді. Әрі қарай олар Кепілгер өзінің Талап қоюшылар алдындағы міндеттемелерін талап арызға 7-қосымшада ұсынылған 2023 жылғы 12 желтоқсандағы арызда мойындағанын айтады.
- 5.2 (2) Жауапкер талап қою бойынша Қарсылық берген жоқ. (1) Жауапкер берген Қарсылықта Талапкерлердің (2) Жауапкердің де жауапты екендігі туралы айтқандары дауланбайды.
- 5.3 Мен Талап арызда баяндалғандарға және Талап арызға қоса берілген құжаттарға қанағаттанамын және Кепілгер Эмитенттің міндеттемелерін орындамағаны үшін ортақ жауапкершілікте деп санаймын.
- 5.4 Сонымен, мен осы шешім шығарылған күнге (2) Жауапкердің жалпы берешегінің сомасы келесідей деп санаймын:
- 5.4.1 (1) Талапкерге 10 285 537,83 теңге; және
- 5.4.2 (2) Талапкерге 5 142 768,91 теңге.

6-БӨЛІМ. ШЫҒЫСТАР

- 6.1 Өздерінің Талап арызында Талапкерлер сонымен қатар шығыстарды өтеуді/адвокаттың қызметіне ақы төлеуді талап етеді. АХҚО сотының 26.9 қағидасымен Ұсақ даулар соты алымдар, гонорарлар мен шығыстарға қатысты соманы, Ұсақ даулар соты қажет деп санайтын сот алымдарының бір бөлігін немесе Ұсақ даулар соты жеңілдетілген процедура аясында бағалай алатын және өзін ақылға қонымсыз ұстаған тарапты төлеуге міндеттейтін қосымша шығыстарды қоспағанда, екінші тарапқа төлеуге тарапты міндеттей алмайтыны көзделген.
- 6.2 Қазіргі уақытта мен бұл істе шығыстар туралы бұйрық орынды деп таппаймын және Талапкерлер шеккен шығыстардың сомасы туралы ешқандай ақпарат жоқ.
- 6.3 Алайда Талапкерлерге, егер олар қаласа, мәлімделген сомаларды және шығыстарды сұратудың қысқаша негіздерін көрсете отырып, осы Шешім шығарылған күннен бастап 28 күннің ішінде шығыстар туралы жазбаша арыз беруге рұқсат етіледі. Жауапкерлерге, егер олар қаласа, осыдан кейін 28 күннің ішінде кез-келген жауап ұсынуға рұқсат етіледі. Содан кейін Талапкерлердің талап етуі бойынша мен ұсынылған құжаттардың негізінде шығыстарды өтеу туралы шешім шығарамын.

7-БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ

- 7.1 Жоғарыда келтірілген себептерге байланысты, СОТ (1) ЖАУАПКЕРГЕ ЖӘНЕ (2) ЖАУАПКЕРГЕ БҮГІНГІ КҮННЕН БАСТАП 28 КҮННІҢ ІШІНДЕ (1) ТАЛАПКЕРГЕ 10 285 537,83 ТЕҢГЕ МӨЛШЕРІНДЕГІ СОМАНЫ ЖӘНЕ (2) ТАЛАПКЕРГЕ 5 142 768,91 ТЕҢГЕ МӨЛШЕРІНДЕГІ СОМАНЫ ТӨЛЕУДІ БҰЙЫРАДЫ.

Сот қабылдады,

Джозефин Хиггз КС,

Судья. АХҚО Ұсақ даулар соты

Өкілдік:

Талапкердің атынан Бақыт Тукулов мырза өкілдік етті, Серіктес, "Tukulov Kassilgov Shaikeniv Disputes" ЖШС, Алматы, Қазақстан Республикасы .

(1) Жауапкер атынан Нұрлыбек Сұлтан Нүсіпжанов мырза өкілдік етті, "ILF A&A" ЖШС, Алматы, Қазақстан Республикасы.

(2) Жауапкердің атынан өкілдік етілген жоқ.